

6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Бекіш Азамат Әбділқайылының «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензенттің

ПІКІРІ

1. Диссертациялық жұмыстың өзектілігіне сипаттама (ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, таңдалған тақырыптың өзектілігі). Қазіргі жағдайда Қазақстандық білім беру жүйесінің өзіндік даму тарихы және өзіне тән педагогикалық тәжірибелердің бар болғандығын педагогика тарихы саласы бойынша зерттеу қажеттілігі орын алуда. Себебі, бұл бүгінгі білім беру саласындағы педагогикалық үдерістердегі тәжірибелерді жүйелеуге және оның болашақ даму бағытын анықтауға мүмкіндік беретіні анық. Сондай-ақ, Отандық білім беру саласындағы өткен тарихымызды ақиқаттық тұрғыдан бағалауға, оқу-ағарту, мәдени бағытындағы мектеп және оның түрлері мен мазмұндық құрылымындағы оқу жоспарлары, бағдарламалар жүйесі мен білім берудегі ұлттық болмысты басшылыққа алуы, оқудың оқушылар үшін ана тілінде болуын қарастырып, талдау, ғылыми-педагогикалық негіздегі тарихилық білім тұрғысынан тарқату қажетті орын алып отыр. Қазақстандық білім берудің тарихындағы бастауыш мектептердің ұлттық сипатқа ие болуындағы 1915-1941 жылдар аралығындағы кезеңде олардың қалыптасып, дамуын тарихи-педагогикалық және бірізділік пен жүйеліліктегі логикалық жүйемен зерттеу мәселесін докторант көкейкесті деп басшылыққа алған.

Қазіргі мемлекеттік білім беру саясаты аясында Қазақстанның ұлттық мектептерінің дамуы, Қазақстандағы жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш білім беру кезеңінің жүйелі және сабақтастық пен ұласымдылықты құрайтын тарихи жүйесін қалпына келтіру – бүгінгі ұлттық мектептер жүйесін жаңаша деректермен толықтыру, тарихи әділдігін орнатуды көздейді. Бұл жалпы білім беретін қазақ мектептерінің дамуындағы тарихи-әдіснамалық негізін ғылыми тұрғыда ақиқаттық пен шындыққа сүйене отырып, жүйелеу болып табылады. Бастауыш білім берудің педагогика тарихындағы зерттеу мәселелері, білім берудің түрлері мен бастауыш мектеп типтері, ондағы реформаланудың тәжірибелік сипатының көрініс табуын қажет етеді. Осы орайда, педагогика ғылымы тарихының құрамына енетін бастауыштағы білім беру жүйесінің ұлттық мектептің қалыптасуы мен дамуына өз алдына дербес қарау, бүгінгі ұлттық мектептің құрылымындағы кемшіліктерді түзете отырып, бастауыш білім берудің даму болашағын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеу тақырыбында бастапқы кезеңде патшалық Ресей өкіметінің қазақ жерін отарлау саясатында орыстандырудың тереңдей түсуіндегі қазақ халқын асимилициялау мақсатындағы әрекеттерін жүзеге асыруына қарсы білім беру жүйесінде заман талабына сай мұсылмандық оқудың қайта құрылуы «жәдидтік оқудың» дамуын қарастыра келіп, қазақ ұлттық бастауыш мектептердің қоғамда және әлеуметтік ортада орын алып, қазақ халықтары арасында ұлттық білім беру қозғалыстың өзегіне айналған мәдени

ағартушылық жұмыстардың кейінгі орнаған кеңес үкіметінің кезеңдерінде де даму сипатын ашып, олардың өзіндік ерекшелік жүйесін ғылыми педагогикалық тұрғыдан зерделеп, ғылыми айналымға түсетінін қарастырған.

А.Ә. Бекіштің ғылыми зерттеу жұмысы бүгінгі күннің өзектілігіне айналған және Қазақстандық бастауыш мектептердің даму тарихындағы мазмұндық құрылымын, заңдылықтарын, өзара байланыстарын бастауыш білім беру тарихын толықтыру мен жетілдіру бағытындағы Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытуға арналған мемлекеттік талаптарға сәйкес орындалған деп – «нақ» сеніммен айтамын.

Сондықтан да А.Ә. Бекіштің диссертациясының *өзектілігі ғылымның даму бағыттарындағы мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес* және қазіргі мемлекеттік білім беру саясатының аясындағы бастауыш білім беру тарихының қалыптасуы мен дамуы бағытына арналған білімдермен үйлесімді және біртұтастықта деп баға беруге болады.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі мен қортындысының жаңалық дәрежесі (ғылыми жаңашылдық).

Жүргізген кешенді жұмыстарының нәтижелері диссертацияға қойылатын талаптар аясындағы ғылыми ережелердің деңгейіне сәйкес орындалған. Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалық деңгейі, мәселені дұрыс қоя білуінде, оны негіздеп, ұтымды теориялық-әдіснамалық бағыт таңдай алуында. Ғылыми-зерттеу жұмысында тұжырымдалған ғылыми қорытынды мен нәтиженің жаңалығы төмендегідей көрініс тапқан:

- Отандық түрлі типтегі бастауыштың мектептердің қалыптасуы мен дамуына қатысты ғалымдардың ғылыми еңбектеріне салыстырмалы теориялық талдау жасау арқылы, тақырыптық зерттеу аясындағы қазақ ұлттық мектептердің құрылуы мен дамуына XX ғасырдың бас кезіндегі ұлт-зиялыларының педагогикалық ойлары мен көзқарастары негізіне сүйенгендігі және осыдан жеке өзіндік тарихи-педагогикалық білімдерді ғылыми тұрғыдан жүйелеу арқылы диссертант зерттеуге өзек болған деректер мен мәліметтерді ғылыми айналымға шығарғандығы бірінші және екінші нәтиженің жаңалығы **жоғары** бола алады;

- Зерттеу аясына енген кезеңдегі түрлі типтегі бастауыш мектептердің оқу жоспарлары мен бағдарламалардың өзіндік мазмұндық құрылымын талдап, ашу арқылы, ғылыми-әдістемелік сипаттамалар жасауы және олардың негізінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мен оқытылатын пәндердің өзіндік ерекшеліктерін бере отырып, қазіргі жаңартылған бастауыш білім беру бағдарламасымен сабақтастығын ашуы үшінші нәтиженің жаңалығы **жоғары** болып табылады;

- 1915-1941 жылдардағы бастауыш мектептердің қалыптасуы мен дамуына негіз болған тарихи-педагогикалық шарттарды анықтауы және тақырыптық зерттеу негізінде жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдеріске элективті курс бағдарламасын енгізуі мен пән ретінде жүргізу төртінші нәтиженің **жоғары** жаңалығына дәлел бола алады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қортындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі (өзі жазу, дәйектілік).

А.Ә. Бекіштің диссертациялық жұмысындағы келтірілген тұжырымдар мен қортындыларының тарихи-әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары деп санауға келеді. Өйткені:

- тақырыптық зерттеу жұмысын орындау барысында Отандық және шетелдік ғалымдардың тарихи-педагогикалық еңбектеріне және мұрағаттағы дерек көздері мен сирек кездесетін қолжазбаларды басшылыққа алып, түрлі типтегі мектептердің өзіндік ерекшеліктері, мазмұндық құрылымдық жүйесі, жазу таңбаларының реформалануы, қазақ ұлттық бастауыш мектебінің қалыптасуы мен дамуындағы қолданыста болған оқу жоспарлары мен бағдарламалары, оқу құралдарын сипаттап, талдаудағы тұжырымдық қорытындыларының негіздеулері автордың диссертациялық жұмысты **өзі орындағанына дәйекті** бола алады;

- докторант Отандық бастауыш мектептердің құрылу жүйесіндегі орын алған педагогикалық жүйелер және оған негіз боларлық алғы шарттарды аша отырып, білім беру мен оқыту жұмыстарын ұйымдастырудағы педагогикалық үдерісті рухани ұлттық дүниетанымның қажеттіліктің бастау бұлағы ретінде талдау жасап, бүгінгі күндегі педагогикалық көзқарас тұрғысынан 1915-1941 жылдардағы бастауыш мектептердің педагогикалық жүйесінің жасалуын білім тарихы тұрғысынан **дәйекті** түрде **өзі** дәлелдеген;

- зерттеу тақырыбында Қазақстандағы 1915-1941 жылдар аралығындағы бастауыш мектептердегі оқыту мен тәрбиелеу және білім беру жүйесінің мазмұндық жүйесі бүгінгі бастауыш білім беру кезеңінде орын алып отырған педагогикалық үдерістермен сабақтастық байланысын ашқан. Және де, бүгінгі бастауыш білім берудегі қол жеткізген табыстар өткеннің білім тарихымен байланыстылығын негіздей отырып және қазіргі бастауыш сыныптардағы педагогикалық үдерістермен ұласымдылығын айқындап, қарастырғандығы диссертантың жұмысты **өзі жазудағы** шынайылығына **дәйек** бола алады;

- диссертантың «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығында білім алушы студенттерге элективті курс жасауы мен жоғары оқу орындарындағы бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын мамандықтар бойынша өткізіп және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан талдануы – оның **жеке орындаудағы** диссертациялық жұмыстың **дәйектілігіне** негіз болатындығын дәлелдейді.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы (ішкі бірлік).

Диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелер бастауыш білім берудің педагогикасы теориялық және педагогикалық тәжірибе тұрғысында құнды болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмысында келтірілген теориялық тұжырымдар мен қортындылар, қол жеткізген нәтижелері, ғылыми

әдістемелік ұсыныстар бастауыш ЖОО ұйымдастырылған педагогикалық үдерісте, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты тәжірибелерінде қолдануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қортындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама (практикалық құндылық).

Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары мен нәтижелері Scopus деректер қорына енетін жарияланымда, Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған басылымдарында, авторлар ұжымымен бірлестікте әзірленген шет елдік және Отандық халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында, Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында талап бойынша мақалалары жарияланған. Диссертацияның негізгі мазмұны зерттеушінің жарияланған ғылыми-әдістемелік еңбектерінің жиынтығына қамтылып, мазмұндары ашылған, сонымен бірге Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарды толық орындағандығын растайды және *тәжірибелік құндылығы* бар.

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер (академиялық адалдық принциптеріне сәйкестігі бағаланады)

1. Ғылыми-зерттеу жұмысында мұсылмандық оқу жүйелері жайындағы талдауды анағұрлым кең жүргізу керек еді.

2. Диссертациядағы қарастырылған кезеңдерге негізделіп жазылған ғалымдардың ғылыми-зерттеулік еңбектерін кеңінен талдаулар жасап қарастырғанда дұрыс болар еді.

3. Ғылыми-ізденушілік негізде орындалған диссертациядағы элективті курсты басшылыққа ала отырып, бастауыш білім берудің тарихына негізделген оқу құралын шығаруды жүзеге асырса дұрыс болар еді, өйткені Қазақстандық педагогика тарихындағы ақтандақ жерлерді толықтыруға өз үлесін қосатыны анық.

Дегенмен де, көрсетілген кемшіліктер мен ұсыныстар жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұсқан келтірмейді және *академиялық адалдық принциптеріне сәйкес* деп бағалаймын.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.

Бекіш Азамат Әбділқайлұлының «Білім беру жүйесіндегі қазақ ұлттық мектебінің қалыптасуы мен дамуы» (1915-1941 жж. материалдар негізінде) тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған.

Қорыта айтқанда, Бекіш Азамат Әбділқайлұлы 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

Пікір беруші:

Қожа Ахмет Яссауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университеті, п.ғ.к.,

Г.Т.Токкулова

